

Ақтөбе облысының бірқатар елді мекендерін тарату туралы

Бірлескен Ақтөбе облыстық мәслихатының 2013 жылғы 11 желтоқсандағы № 173 шешімі және Ақтөбе облыстық әкімдігінің 2013 жылғы 11 желтоқсандағы № 396 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 25 желтоқсанда № 3719 болып тіркелді

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзі-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 4) тармақшасына, 27-бабының 2-тармағына, «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 11-бабының 3) тармақшасына сәйкес және Әйтеке би, Байғанин, Қарғалы, Мұғалжар, Темір және Шалқар аудандарының өкілді және атқарушы органдарының ұсыныстарын ескере отырып Ақтөбе облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ**:

1. Тұрақты халқының саны елу адамнан аспайтын немесе тұрғындарының бәрі кетіп қалған (қоңыс аударған), келесідей:

Әйтеке би ауданы бойынша:
Әйке ауылдық округінің Қайранкөл;
Байғанин ауданы бойынша:
Миялы ауылдық округінің Бесбай;
Қарғалы ауданы бойынша:
Әлімбет ауылдық округінің Бөгенбай, Қызылсай
Степной ауылдық округінің Қайрақтысай;
Мұғалжар ауданы бойынша:
Құмсай ауылдық округінің Терісбұтақ, Шиелі,
Қ.Жұбанов атындағы ауылдық округтің Қаралатсай,
Ащысай ауылдық округінің Басшиелі;
Темір ауданы бойынша:
Кеңестуы ауылдық округінің Ақжар,
Тасқопа ауылдық округінің Теректі;
Шалқар ауданы бойынша:
Шетырғыз ауылдық округінің Шетырғыз ауылдары таратылсын.

2. Әйтеке би, Байғанин, Қарғалы, Мұғалжар, Темір және Шалқар аудандарының әкімдері таратылған ауылдардың тұрғындары мен шекараларын жақын жатқан елді мекендерге қосуға байланысты мәселелерді шешу үшін қажетті шаралар қабылдасын.

3. «Ақтөбе облысы бойынша статистика департаменті» мемлекеттік мекемесі (

келісім бойынша) облыстың әкімшілік-аумақтық бірліктерінің есептік деректеріне тиісті өзгерістер енгізілсін.

4. «Ақтөбе облысының жер қатынастары басқармасы» мемлекеттік мекемесі жер-кадастр құжаттамаларын облыстың әкімшілік-аумақтық құрылысында жасалған өзгерістермен сәйкестендірсін.

5. Осы әкімдіктің қаулысының және мәслихаттың шешімінің орындалуын бақылау облыс әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

6. Осы әкімдіктің қаулысы және мәслихаттың шешімі алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

А. МҰХАМБЕТОВ

О б л ы с т ы қ

мәслихаттың хатшысы

С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА

О б л ы с т ы қ

м ә с л и х а т т ы ң

сессия төрағасы

Д. ЕСПАЕВА